



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-21/4030 от: 06.01.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2016 жылғы 8 желтоқсандағы № ДС-176

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасының (бұдан әрі – Жоба) шеңберінде мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау мәселелеріне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Жоба шеңберінде асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды мемлекеттік қолдаудың барлық шаралары сақталған және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен және шегінде келесі өзгерістерді ескеріп, жүзеге асырылатын болады:

1) ірі қара мал шаруашылығы

2016 жылы етті бағыттағы мал шаруашылығын субсидиялауға 43 391,1 млн. теңге, оның ішінде сиыр етін өндіруге 9 731,5 млн. теңге бөлінді.

2017 жылы аталған саланы субсидиялауға 35 006,4 млн. теңге, оның ішінде сиыр етін өндіруге 7 151,5 млн. теңге қарастырылуда, бұл 2016 жылдың деңгейінен 2580,0 млн. теңгеге немесе тиісінше 26,5%-ға төмен. Мемлекеттік қолдау көлемінің төмендеуі:

- аналық мал басын субсидиялаудан алынған төлді субсидиялауға, бұл фермерлік шаруашылықтарды аналыққа шаққандағы төл шығымын арттыруға ынталандырады;

- союға жіберілген нақты мал басын ескеріп нормативтерді саралауға;

- тиімсіздігіне байланысты бұқашықтарды бірінші өндіріс деңгейіндегі бордақылау алаңдарына өткізуді субсидиялау бағытын алып тастауға байланысты. Субсидиялауды іске асырудың 2 жылдық мерзімі кезеңінде бірінші деңгейдегі бордақылау алаңдарына өткізілген бұқашықтар саны тұқымдық түрлендіруге

қатысқан аналық мал басынан алынған, жоспарланған бұқашықтардың көлемінен аспады. Мәселен, 2014 жылы жоспарланған 15 000 бас көлемінен, нақты өткізілген бұқашықтар көлемі 8 245 басты құрады, 2015 жылы жоспарланған 20 000 бастан нақты өткізілгені 13 759 басты құрады.

2) құс шаруашылығында

2016 жылы ет және жұмыртқа бағытындағы құс шаруашылығын субсидиялауға тиісінше 9 287,7 млн. теңге және 9 229,7 млн. теңге көзделді.

2017 жылы бұл мақсаттарға тиісінше 8 625,4 млн. теңге және 5 931,5 млн. теңге көзделуде, бұл ет және жұмыртқа бағытындағы құс фабрикалары өндірісінің нақты көлемдерін ескерсек, нормативтерді саралау есебінен 2016 жылдың деңгейінен 7,1 есеге және 35,7%-ға төмен.

Бүгінгі таңда ішкі тұтытудағы құс еті импортының үлесі 53%-ды құрайды. Осыған байланысты Жоба шеңберінде басым бағыттардың бірі болып ет бағытындағы жаңа құс фабрикаларын салу және қолданыстағыларын жаңғырту жолымен отандық өндірісті арттыру арқылы құс еті импортының үлесін төмендету міндеті қойылды. Бұл ретте нормативі 20%-ды құрайтын инвестициялық жобаларды құруға кеткен инвестициялық салымдарды өтеу ретінде мемлекеттік қолдау шаралары жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар ішкі тұтытудағы тағамдық жұмыртқамен 100% қамтамасыз етілуін ескере отырып, аталған өнім түрін мемлекеттік қолдау біртіндеп төмендетілетін болады.

3) жылқы және түйе шаруашылығы

2016 жылы мал шаруашылығы саласын субсидиялауға 85,0 млрд. теңге, оның ішінде жылқы және түйе шаруашылығына тиісінше 1 322,5 млн. теңге және 243,8 млн. теңге көзделген болатын.

2017 жылы мал шаруашылығы саласын субсидиялауға 72,6 млрд. теңге, оның ішінде жылқы және түйе шаруашылығына тиісінше 1 151,6 млн. теңге және 206,0 млн. теңге қарастырылды. 2016 жылмен салыстырғанда жалпы субсидиялау көлемі 15%-ға азайған кезде аталған субсидиялау бағыттарына субсидиялау көлемдері сақталады.

Аталған мал шаруашылығы салаларында селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында сатып алынған асыл тұқымды мал басын субсидиялаудан нормативтерді тиісінше 40,0 және 37,0 мың теңгеден тиісінше бір басына 100 мың теңгеге дейін көбейте отырып, асыл тұқымды айғырларды және аталық түйелерді субсидиялауға көшу ұсынылады, бұл өз алдына тауарлы шаруашылықтардағы тұқымдық түрлендіруді ынталандыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге экспортты дамыту мақсатында құрғақ бие сүтінің ұнтағын және түйе сүтін өндіру субсидияланатын болады.

4) шошқа шаруашылығында

Бүгінгі таңда елімізде шошқа шаруашылығының асыл тұқымды базасы жоқ, соның салдарынан шошқалардың өнімділігі төмен деңгейде қалып отыр.

Мысалы, елімізде орташа бір мегежіннен торайлардың шығымы жылына 12 басты құрайды, бұл ретте шетелдерде аталған көрсеткіш 3 есе жоғары және жылына орташа 26-32 басты құрайды.

Осыған орай, Мемлекеттік бағдарлама жобасының шеңберінде шошқа еті

өндірісін шошқалардың генетикалық әлеуетін арттыру арқылы көбейту қарастырылған, бұл ретте асыл тұқымды шошқаларды сатып алу нормативі 15,0 мың теңгеден 75 мың теңгеге дейін көбейтіліп отыр.

Мәселен, 2016 жылы шошқа шаруашылығын субсидиялауға 3 416,6 млн. теңге, оның ішінде асыл тұқымды шошқаларды сатып алуға 125,6 млн.теңге көзделген.

2017 жылы аталған саланы субсидиялауға 2 997,6 млн. теңге, оның ішінде асыл тұқымды шошқаларды сатып алуға 125,6 млн.теңге қарастырылуда.

5) азық өндірісі

Қазіргі таңда ірі, шырынды және құнарлы азықтарды субсидиялау жүйесі тиімсіз. Аталған субсидиялау түрі шаруашылықтарды малды азықтандыру үшін теңдестірілген азық өндіруге ынталандырмайды, бұл азықтың өнімділігін ұлғайту және конверсиясын азайту үшін маңызды.

Бұл ретте облыс әкімдіктері азық дайындау мен сатып алу үшін субсидияға аса жоғары нормативтер белгілейді. Мысалы, мықты азық базасы бар Солтүстік Қазақстан облысында субсидиялау нормативі 1 басқа 100,0 мың теңгені құрайды, Ақтөбе облысында субсидиялаудың орташа нормативі – 68,0 мың теңгені құрайды, осы жағдайлар жосықсыз бәсекеге әкеледі.

Осыған орай, Жоба шеңберінде ауыл шаруашылығы кооперативтеріне құрама жем азығының құнын арзандату мақсатында құрама жем азығын сатып алуды субсидиялауға көшу қарастырылған.

Б. Сағынтаев

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ**



**ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

201___жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__ года

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 11-21/4030 от: 06.01.2017

**Депутатам
Мажиліса Парламентa
Республики Казахстан**

На № ДС-176 от 8 декабря 2016 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос касательно государственной поддержки животноводства в рамках проекта Государственной программы развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017 – 2021 годы (далее – Проект), сообщая следующее.

В рамках Проекта все меры государственной поддержки на развитие племенного животноводства и повышение продуктивности и качества продукции животноводства сохранены и будут осуществляться за счет и в пределах средств, предусмотренных в местных бюджетах, с учетом следующих изменений:

1) в скотоводстве

В 2016 году на субсидирование отрасли мясного скотоводства выделено 43 391,1 млн. тенге, из них на производство говядины 9 731,5 млн. тенге.

В 2017 году на субсидирование данной отрасли предусматривается 35 006,4 млн. тенге, из них на производство говядины 7 151,5 млн. тенге, что ниже на 2 580,0 млн. тенге или на 26,5% соответственно к уровню 2016 года. Снижение объемов государственной поддержки связано:

- с переходом от субсидирования маточного поголовья к субсидированию маточного поголовья с приплодом в привязке к проценту выхода, что позволит стимулировать фермерские хозяйства на повышение выхода приплода;
- с дифференциацией нормативов с учетом фактического поголовья, отправленного на убой;
- с исключением субсидирования реализации бычков на откормочные

площадки 1-го уровня ввиду неэффективности. За 2-летний период реализации субсидирования количество реализованных бычков на откормочные площадки

1 уровня не превысил запланированные объемы бычков, полученных от маточного поголовья, участвующего в породном преобразовании. Так, при запланированном объеме 15 000 голов в 2014 году, фактический объем реализации бычков составил 8 245 голов, в 2015 году – при плане 20 000 голов, факт составил 13 759 голов.

2) в птицеводстве

В 2016 году на субсидирование отрасли мясного и яичного птицеводства было предусмотрено 9 287,7 млн. тенге и 9 229,7 млн. тенге соответственно.

В 2017 году на эти цели предусматривается 8 625,4 млн. тенге и 5 931,5 млн. тенге соответственно, что ниже на 7,1 и 35,7% к уровню 2016 года за счет дифференциации нормативов с учетом фактических объемов производства птицефабрик мясного и яичного направлений.

На сегодняшний день доля импорта во внутреннем потреблении мяса птицы составляет 53%. В этой связи в рамках Проекта одной из приоритетных задач определено снижение доли импорта мяса птицы за счет увеличения отечественного производства путем строительства новых и модернизации действующих птицефабрик бройлерного направления. При этом реализуются меры государственной поддержки в виде возмещения инвестиционных вложений на создание инвестиционных проектов с нормативом до 20%.

В то же время ввиду 100% обеспеченности внутреннего потребления пищевым яйцом, объемы государственной поддержки данного вида продукции будут поэтапно снижаться.

3) коневодство и верблюдоводство

В 2016 году на субсидирование отрасли животноводства было предусмотрено 85,0 млрд. тенге, из них на коневодство и верблюдоводство 1 322,5 млн. тенге и 243,8 млн. тенге соответственно.

В 2017 году на субсидирование отрасли животноводства 72,6 млрд. тенге, из них на коневодство и верблюдоводство 1 151,6 млн. тенге и 206,0 млн. тенге соответственно. Объемы субсидий на данные направления субсидирования сохраняются при уменьшении общего объема субсидирования на 15% по сравнению с 2016 годом.

В целях повышения эффективности селекционной и племенной работы в данных отраслях животноводства предлагается переход от субсидирования приобретения племенного поголовья к субсидированию племенных жеребцов и верблюдов-производителей с увеличением норматива с 40,0 и 37,0 тыс. тенге до 100,0 тыс. тенге за голову, что позволит стимулировать породное преобразование в товарных хозяйствах. Кроме того в целях развития экспорта будет субсидироваться производство сухого порошка кобыльего и верблюжьего молока.

4) в свиноводстве

На сегодняшний день в стране отсутствует племенная база свиней, впоследствии которого продуктивность свиней остается на низком уровне.

К примеру, выход приплода поросят одной свиноматки по стране в среднем составляет – 12 голов в год, при этом в зарубежных странах данный показатель

выше в 3 раза и составляет в среднем 26-32 голов в год.

В этой связи в рамках проекта Госпрограммы предусмотрено увеличение производства свинины путем повышения генетического потенциала свиней, при этом норматив субсидий на приобретение племенного поголовья свиней увеличен с 15,0 тыс. тенге до 75,0 тыс. тенге.

Так, в 2016 году на субсидирование отрасли свиноводства было предусмотрено 3 416,6 млн. тенге, из них на приобретение племенных свиней 16,5 млн. тенге.

В 2017 году на субсидирование данной отрасли предусматривается 2 997,6 млн. тенге, из них на приобретение племенных свиней 125,6 млн. тенге.

5) кормопроизводство

На сегодня действующая схема субсидирования грубых, сочных и концентрированных кормов не эффективна. Данный вид субсидирования не стимулирует хозяйства в наращивании производства кормов для сбалансированного кормления животных, что крайне важно для увеличения продуктивности и уменьшения конверсии кормов.

При этом, акиматы областей устанавливают завышенные нормативы субсидий за приобретение и заготовку кормов. Так, например, в Северо-Казахстанской области, где имеется прочная кормовая база, норматив субсидирования составляет 100,0 тыс. тенге за 1 голову, в Актюбинской области усредненный норматив субсидирования составляет – 68,0 тыс. тенге, что создает недобросовестную конкуренцию на рынке.

В этой связи, в целях удешевления стоимости комбикормов для сельхозкооперативов в рамках Проекта предусмотрен переход на субсидирование приобретения комбикормов.

Б. Сагинтаев